



МУХТАР АЗАЛЫ



№72
(2137)
Сәрсенбі
16 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА БЕРДІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен есеп беру кездесуі «Қарашеңгел» ауылдық округінің орталығы Жалаңтөс батыр аулынан бастау алды.

Кездесуде аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндап, алдағы жоспарларға да тоқталып өтті. Сондай-ақ Әйтеке би кентінде 14 көше асфальттанып, 24 көшеге қиыршық тас төселгенін айтты. Одан соң ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Ауыл тұрғындары электр желілерінің салдарынан жарықтың жиі өшетінін айтты. Аудан әкімі бұл мәселе алдағы уақытта ескеріліп, шешімін табатынын жеткізді. Және алдағы оқу жылына мектеп пен балабақшаның дайындығын тексерді.

Айта кетейік, ауыл тұрғындарымен кездесуге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов, аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарабеков және бірқатар дербес бөлімдері мен мекемелер, кәсіпорындары басшылары қатысты.

Аудан әкімінің кездесуі «Құмжиек» ауылдық округінің орталығы Қ.Пірімов аулында жалғасын тапты. Ауылдың саябағында өткен кездесуде аудан басшысы Мұхтар Оразбаев тұрғындарды аудан тіршілігімен таныстырды. Ауыл тұрғындары ауыз су, балабақша салу мәселелерін көтерді.

Аудан әкімі ауыл тұрғындарының ұсыныстары алдағы уақытта шешімі табылатынын айтып, сала мамандарына тапсырма берді.

Жиын соңында тұрғындар аудан әкімінің жұмысына оң баға беріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Аудан әкімі тұрғындармен кездесуден соң, азаматтарды жеке қабылдады.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Басықара» ауылдық округінде өтті. Аудан басшысы Мұхтар Оразбаев ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндап, «Қарлан» көпірінің құрылыс жұмыстарына тоқталды.

Кездесуде ауыл тұрғындары ұсыныстарын білдірді. Ауылға бұлақ қазу, электр желілерін жөндеуді қолға алуды басты назарға алуын сұрады. Жол салу, ауылға жедел жәрдем көлігінің қажет екенін айтты.

Аудан басшысы сауалдардың алдағы уақытта шешімі табылатынын жеткізді. Жол салу жұмыстары қолға алынатынын айтты. Кездесу соңында ауыл тұрғындары аудан басшысына алғыстарын айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі Ғ.Мұратбаев аулында жалғасын тапты.

Кездесуде аудан басшысы тұрғындарды ауданның тыныс-тіршілігімен таныстырды. Ауданның өзге де ауылдарында жүргізіліп жатқан жұмыстарға да тоқталып өтті.

Кезек ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлеріне келгенде тұрғындар ауылға бұлақ қазу керектігін және жайылымдық жерлердің қажеттігін айтты.

Аудан әкімі сауалдардың жауабы алдағы уақытта ескерусіз қалмайтындығын айтты.

Жиын соңында ауыл ақсақалдары бата беріп, әкімнің атқарып жатқан жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**



ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудан әкімдігінің мәжіліс залында құрылысшыларды қабылдап, мерекемен құттықтады.

–Ауданда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жаңа нысандар салынып, жол жөндеу жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Соның нәтижесінде бой көтерген емхана, мәдениет үйі мен баспаналар көптің көңіліне жылу ұялатуда.

Одан басқа қосымша тұрғызылып жатқан ғимараттар бар. Бұл, әрине, қыстың суығында, жаздың ыстығында еңбек ететін құрылысшылардың еңбегінің нәтижесі, – деді Мұхтар Әуесұлы.

Мұнан соң аудан басшысы бірқатар құрыш қолды құрылысшыларға аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің «Құрмет грамотасымен», Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» және облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Мерекелік кеште аудан өнерпаздары құрылысшылардың құрметіне орай ән салып, ерекше көңіл-күй сыйлады.

АУДАН ӘКІМІ МҰХТАР ОРАЗБАЕВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың халықпен кездесулері басталды.

Аудан басшысы тұрғындармен жүздесуді аудан орталығынан 110 шақырым қашықтықта орналасқан «Шөкен» ауылдық округінен бастады.

– Бүгін өздеріңізбен III-ші тоқсандағы кездесуде қауышып отырғаныма қуаныштымын. Жұырда аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы ауданға арнайы іс-сапармен келді. Ел ішіндегі бірнеше нысандарды аралап, жүйелі жұмыстарға оң бағасын берді.

6 тамыз күні өткен сайлауды



ауызбіршілікпен өткізген Сіздерге ризашылығын білдіріп, сәлемін жолдады, – деген аудан басшысы «Шөкен» ауылдық округінің әкімі

болып тағайындалған Берекет Сәрсенбаевқа ауыл халқы үлкен сенім артып отырғанын айтып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Басқосуда шәкендіктер өздерін толғандырған ұсыныстарын ортаға салды. Ауыл жұрты трансформатор, жол, су ұңғымасын қазу және мәдениет үйінің жайын жеткізді.

Қойылған талаптардың орынды екенін айтқан Мұхтар Әуесұлы ұсыныстарға жеке-жеке тоқталып, шешілу жолдары қарастырылатынын айтты.

Ауыл ақсақалдары халықпен кездесуге жиі келетін аудан басшысына алғысын білдіріп, жаңадан тағайындалған Берекет Жұбанышбайұлына батасын берді.

Жиында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Ауыл аманаты» жобасының тиімді тұстарын атап өтіп, кәсібін дөңгелеткісі келетіндер үшін таптырмас бағдарлама екенін жеткізді.

«МАЙЛЫБАС» БЕКЕТІНДЕ ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

«М а й л ы б а с» қуаныштарымен ауылдық округіне құттықтап, қарасты теміржол бойындағы Майлыбас бекетінде жаңа мешіттің ашылу рәсімі өтті.

И м а н д ы л ы қ үйінің ашылу салтанатына Қызылорда облысының бас имамы Абуов Болатбек қажы арнайы келіп, жаңа мешіт халықтың рухани жаңғырып өркендеуіне үлес қосатын, жастарды жақсы бағытта тәрбиелеуге үлкен мүмкіндік беретін орын екенін жеткізді.

А у д а н әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, Қазалы ауданының құрметті азаматы Нәжмадин Мұсабаев елді мекен тұрғындарын

қуаныштарымен құттықтап, жиылған жамағатқа ақжарма лебіздерін арнады. Елді мекен орталығынан жаңа мешітті салуға мұрындық болған – еңбегі елге сіңген азамат, осы өңірдің тумасы Жұмақан Байсалбайұлының ұрпақтары. Бүгінде бақилық болған ағамыздың ұрпақтары мен оның қызы Мадина Байсалбаева игі істі жалғастырып мешіт құрылысын толықтай аяқтап, ел-халықтың ыстық ықыласына ие болды.

“Талап - пен-деден, қолдау - Тәңірден” дейді дана халқымыз. Құлшылық жасайтын қасиетті мекен талапты жастардың басын қосып, имандылыққа ба-стайтыны анық.

АУДАН ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ

Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен аудан әкімі жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің көшпелі отырысы өтті. Жиында аудан басшысы жастарды 12 тамыз - халықаралық жастар күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Бекарыстан би аулындағы мәдениет үйінде өткен шарада Қазалы ауданында жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруда жоспарланған жұмыстар туралы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Серік Саянов баяндады.

Ауданда жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында атқарылған жұмыстар және жыл көлеміндегі атқарылатын шаралар жайлы аудандық мансап орталығының директоры Болатбек Баймаханов айтып берді.

Қазалы ауданында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда атқарылып жатқан жұмыстар және NEET (маргиналь) санатындағы жастармен атқарылған жұмыстар жайында аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұрбек Нысанбекұлы хабарлама жасады.

Аудан басшысы Серік Елшіұлынан бүгінгі таңда жастар арасында зерделеу жұмыстары қандай деңгейде жүргізіліп жатқанын, Болатбек Құрманбайұлынан жастар практикасы және ақылы қоғамдық жұмыс бойынша еңбек шарты аяқталған жастарды тұрақты жұмыспен қамту үшін қандай шаралар қабылдап жатқанын сұрады. Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовке жұмыссыздық мәселесін қатаң бақылауға алу қажет екенін және зейнет-

ке шыққан мамандардың орнына міндетті түрде жастарды тарту керектігін айтты.

Мұхтар Әуесұлы ресурстық орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – жастардың мемлекеттік бағдарлама арқылы несие алып, кәсібін бастауға жәрдемдесу екеніне тоқталып, Нұрбек Нысанбекұлынан бұл бағытта қандай жұмыстар жасалып жатқанын сұрады.

Бұдан соң жастар арасындағы топтық төбелес жайлы айтып өткен аудан басшысы аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Шұдабайұлына осы мәселеге қалай нүкте қоюға болатынына сауал жолдады.

Басқосуда аудан басшысы аудандық полиция, аудандық білім бөлімі, аудандық жастар ресурстық орталығы, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі және қала, кент пен ауылдық округ әкімдеріне тапсырмалар берді.

Маңызды отырыста жастар тарапынан да түрлі ұсыныстар айтылып, кәсіпкерлік бағытта берілетін гранттардың жайы сұралды.

Аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұрбек Ақпанбетовке ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің «Алғыс хаты» табысталды. Сондай-ақ, жеке кәсіпкер Рүстем Мейірханұлы «Еңбек майталманы» номинациясымен марапатталды. Бұдан бөлек, бірқатар азаматтар облыс және аудан әкімінің «Алғыс хатын» иеленді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

БАБАЛАР РУХЫН ҚАСТЕРЛЕУ –ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Кешегі кеңес үкіметі тұсында халқымызға бұрынғы өткен ата-бабаларын ауызға алуға тиым салды. Себебі, ата-баба қасиетінен рух, күш алып өскен ұрпақ өз елінің патриоты болып өсетіні белгілі. Сондықтан оны ескілік сарқыншақтары деп тежеді.

Ата-баба тарихын, шежіресін терең білу біздің мәңгілік ел болуымызға, ұйысып өмір сүруімізге зор ықпалы болатыны сөзсіз. Әлімнің алты баласының бірі- Жаманақтан тарайтын Кішкенені бабамыз туралы Шораяқтың Омары «Шайыр» атты кітабының «Нағашым» деген өлеңінде:

Нағашым алты Әлімде
Кішкенені еді,

Сыртынан көрмей дұшпан
сескенеді.

Ағамның тал түстегі саясы-
на

Бес Бозғыл, алты Әлменбет
түстенеді, - дегенінен Кішкенені
бабамыздың тарихта ірі тұлға
болғанын байқаймыз.

Жолшарадан Құдияр мен Сары туады. Құдияр алып күш иесі болған. Сары бабамыздың да атақ-абыройы ешкімнен кем болмаған. Құдиярдың баласы Тасболатұлы Ашабай дұшпанына дес бермей сөзбен де, білек күшімен де қарсыластарын ығыстырып жасқай білген. 1719 жылы жоңғарлар қазақ даласына тұтқиылдан шабуыл жасағанда Ашабай батыр жауға қарсы тұрған.

80000 әскермен келген Сыбан Рабдан бейбіт отырған қазақты тоз-тоз етіп жіберген. Кіші жүз Үргеніш, Хиуаға қарай босады. Аштықтан, жалаңаштан қырылғаны тағы бар. Сол босумен 2-3 жыл өткен соң ұйымдасып әскер жинап жоңғарларға қарсы аттанады. Бөргелі-Бөлтөлі сайының ортасында «Қарасиыр» деген жазық алқапта Қарасақал Тайлақ батырдың басшылығымен үш күнге созылған шайқаста жоңғарлар қырылған. «Қалмаққырылған» деген жер әлі бар, белгі қойылған.

Дүниеден небір батыр, билер өткен,

Жаралған жайсаң жандар асыл тектен.

Солардың бірегейі Ашабай батыр,

Көрінген қай кезде де алғы шептен,- деп ақындар жырға қосқан Ашабай батыр мен Бекбауыл би екеуі шағын қолмен қарақалпақтарды күшпен көшіреді. «Ішкі жұртқа» еріксіз көшкен қарақалпақтар атамекен жұртынан айыры-

лып көшіп бара жатып жерін, суын, туып өскен өңірін қимай, дауыс шығарып жоқтайды. Жоқтаушылардың ішіндегі бір туымды қыз; -«Қырдан келген қырық жігіт, әсіресе қырық жігіт ішінде қыр мұрынды бір жігіттің атқан оғы қате кетпеді –ау, елді қуып са-стырды еңгезердей бір жігіт, –деп жоқтайды. Қыздың қыр мұрынды бір жігіт дегені Ашабай екен, ал еңгезердей бір жігіт дегені Бекбауыл екен. Билердің шешімі бойынша әр тайпа көші-қонға байланысты, қалмақ шабуылын ескеріп өз тайпаларына уақытша хан сайлап алады. Мысалы, Жаманаққа хан болып Ашабай, Қарамашаққа Жаныс бекиді. Ашабай сабырлы, орнықты, ақылды, тілді, өмірден көрген тәжірибесі мол адам екен. Осындай қасиеттерін ескеріп оны басшы еткен. Көшті дұрыс ұйымдастырып, елді жауға ұрындырмай межелі жерге әкеліп аман-есен орналастырады. Көші-қонның қиындығына байланысты Ашабай батыр өзін төрт рудан төрт жәрдемші бекітіп алады. Палуаннан –Шықыманды, Майданнан –Киікбайды, Жиенейден –Сәркені, Қожамберліден –Мойнақты. Бұлар көші-қон кезінде өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқарып, Ашабайдың да, көптің де көңілінен шыға білген. Әр тайпаға батырларын, билерін сайлаған.

Сары баласы Өтемістен туған Шаңбай апайтөс, атан жілікті, алып тұлғалы, жойқын күш иесі. Атағы алты алашқа тараған ғұлама шайыр Қарасақал Ерімбеттің «Топталған тобылғыны тамырымен суырып, дүйім жұртты таң қалдырып, дүниеден күш атасы Шаңбай да өткен»-деп жырлағанындай алапат күшімен ел қорғаны бола білген сегіз қырлы, бір сырлы ерекше тұлға болыпты. Шаңбай баласы Нөсер кезінде ауыздыға сөз бермеген, шешен, қара қылды қақ жаратындай әділ билік құрған. Нөсер бабамыз (1725-1811ж) өмір сүрген. Тоғыз ұлы; Елібай, Бәйбек, Көккөз, Шоң, Сары, Үргенішбай, Нысанбай, Ерімбет, Мәмбетті жанынан тастамай бөлтіріктерін баулыған сырттандай елі мен жерін қорғап жүреді екен. «Нөсер бабам ұрпағы» атты жырда;

Өтемістен Шаңбай, Нөсер туған,

Сексеннен ассадағы сауыт киіп,

Жау шапса тұрады екен

найза қамдап.

Алланың берген тоғыз ұлы,
Болыпты батырға сай ерен қуат.

Жолбарыстай батырым
Төлек деген,

Жауларының Төлекке оғы
өтпеген, -деп жырлаған.

Ашабайұлы Құлшараның Қарашасы әділдікті ту еткен. Маған бәрінен де шындық қымбат деп Жанғазы ханның әділетсіздігіне бой бермегені ел аузында жатталып қалған. Жолшараның Өтемісінің ұрпағынан тараған Қарабайұлы Қабыл (1856-1937ж.ж) Қазалы уезі, «Бірлік» елді-мекенінде туған. Ауыл молдасынан сауат ашқан, зерек, өнерге бейім ерекше талант иесі болған. Қабыл ақын: «Қазалыда Өтепбай сал болса,біз қасқа боламыз»-деп кіл өнерлі жігітерді жанына топтастырады. «Қасқа сөздің мағынасы сері, озық өнерші» дегенге саяды. Сөйтіп Қазалыда «Сегіз қасқа» атанған. Олардың бірі жырау, бірі күйші, биші, палуан, сайыпқыран мерген, айтыскер ақын, көкпаршы, сайқымазақ күлдіргіш, асқақ әнші, ұста, зергер тағы басқа өнердің шеберлері болған. Қабыл бәрінің басшысы, өлеңді көп жазған, өлеңдерінен әділдікті, шыншылдықты, азаматтық лирика сарынын аңғаруға болады. Кітаптары Қазан қаласы баспасынан шыққан деген де сөз бар. Қасқа құрамында Бұқарбайұлы Жақып, Қыйсықұлы Өтеулі, Есімұлы Ізімбет, Орымбетұлы Рзатай, Бөрібайұлы Тұяқ (руы Жиеней)

Данұлы Оразымбет (руы Жақайым) және Дәрібек бар. Бұлар ешқандай малға қызықпаған, бай болуды мақсат етпеген, төрт құбыласы түгел адамдай ел алдында еңсесін биік ұстаған. Қай жерде той, қай жерде ас беріліп жатса сол жерде серілік құрумен өткізген. Мінетін аттары мен киетін киімдері де елден ерекше болған. Сол кездегі бай-манаптардың беліне байлайтын белбеулерімен аттарын тұсап, шідерлеп қоятын болған. Өнерлеріне тәнті болған адамдардың берген сый-сияпатын келесі ауылдағы жарлы-жақыбайларға таратып береді екен.

Шығыпты Ақтөбеден сегіз қасқа,

Теп-тегіс мәлім болған кәрі-жасқа.

Әрі ақын, әрі шешен, әрі әнші,

Бастығы сегізінің Қабыл

қасқа.

Әуелі қасқамын деп Қабыл айтқан,

Ашабай Өтеулісі тағы да айтқан.

Бәрі де қасқамын деп жабыла айтқан, -деп жырлаған Қабыл ақын бай-манаптың қызметшісі деп ұсталып кеткен.

Қазақ елінде рухани діни салада сауат ашу істері мешіттер арқылы жүзеге асып отырған. Жолшараның Сары аталығынан Тоғайұлы Тоғанас ишан баласы Рамберді ишанның беделі бүкіл жаманаққа белгілі болған. Кішкенені атамыз түсін жорығанда баласы Жолшараның ақ бөзден тігілген киім әкелгеніне қарай тұқымында ғұлама ишандар көп болады деген екен. «Бірлік» елді мекеніндегі кәсіпкер Бекқали Бекбауыловтың демеушілігімен салынған «Рамберді ишан» мешітінде ұрпағы имам Әлтайұлы Сәбит халыққа қызмет етіп келеді. Рамберді атамыздың үш кітабы Қазан баспасынан шыққан.

«Ашабай-Жаманақ ханы» атты материал 4.01.2023 жылы аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінде жарияланған күннен бастап Жолшара баба ұрпақтары тарихта өткен бабасын, батырларын еске алу, құрметтеу, ескерткіш салу, ас беру рәсіміне белсене атсалысып кетті.

«Бірлік» елді мекенінде 24,25 маусым күндері ас берілді. Жыршылар, әншілер, қобызшылар, ақындар, бабаға арнап өнерлерін халыққа ұсынды. «Ашабай хан» атты сахналық көріністі тамашалады. Спорттың әртүрінен жарыстар өтіп жүлдегерлер марапатталды. Ауыл әкімі Өміртай, мектеп директоры Қуаныш, ауыл жастары ортақ істің сәтті өтуіне атсалысты.

Бабалардың жүрген ізі қалған, әр төбесі киелі, әр бұтасы қасиетті, ерен ерліктерге куә болған жерге тағзым етіп тәлім алуға тіпті Қырғыз елінен протез аяқпен келген туысымызда болды.

Қасиетті бабаларымыздың ерліктерінің арқасында аман қалып өсіп өнген мыңдаған ұрпақ әруақтардың алдында бас иіп тағзым етеміз.

Бабаларым жандарыңыз жәннәтта болғай, ұрпақтарыңа арнаған тілектеріңіз Жаратқан иенің назарына ілініп қабыл бола бергей!

**Дайындаған,
Серік Баймен,
ардагер ұстаз**

Қосымша

Приложение

АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛДАРЫ

Бүгінгі күні өмірімізді ұялы телефонсыз елестету мүмкін емес. Ал олардың өндірушілері күн сайын жаңаларын жарнамалайды. Жаңа заманауи телефон алу – көптеген адамдардың арманы, тіпті кейбіреулер ол үшін банктен несие алуға дайын. Ал сол телефон сынып қалса өте өкінішті.

Ал бұл ретте тұтынушылар аталған келеңсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынған ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі тұтынушылар көбінесе сауда жасаған кездесатып алынған растайтын құжаттардың алмауынан болады. Чектерді де, кепілдік талондарын да алмайды. Егер тұтынушы қолына құжаттарды алмаса, өз - өзіне проблема тауып алады. Чекте, ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншіден чек – бұл сіз телефонда дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңыздың дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алғандығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы керек, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы қажет.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ауадай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып қалса, тауарды сатып алу

фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы куәгерлерді тартуына болады. Дегенмен чек пен кепілдік талонды сақтап қою әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес сатып алушы сынған телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруді талап ете алады. Сондай-ақ, тұтынушы басқа ұйым жүргізетін телефонды жөндеуге ақша төлеуді немесе ақаулы телефонның құнын қайтаруды талап ете алады. Бірақ осылардың біреуін таңдауы қажет. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін және де сіз оны құлатып не суға түсіріп алмағаныңызды да дәлелдеу керек. Сараптамаларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон ақаулығында сатып алушының кінәсі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша сатып алушының талаптарын орындайды. Егер сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ЧТОБЫ НЕ ОШИБИТЬСЯ

В наши дни представить жизнь свою без сотового телефона мы попросту не можем. А производители чуть ли не каждый день рекламируют новинки. Купить новый современный телефон – мечта многих людей, и для ее осуществления некоторые готовы даже взять кредит в банке. И чем печальнее, когда этот телефон ломается.

Потребители поначалу сами стараются урегулировать конфликт, пытаются обменять в торговой точке телефон на работающий, или вернут бракованный товар обратно, однако получают отказ от продавцов. Однако продавцы не торопятся выполнять требования закона.

И все потому, что зачастую покупатели не берут подтверждающие покупку документы. Ни чеков, ни гарантийных талонов. Когда потребитель не получает на руки документы, он сам создает себе проблемы. В чеке, во-первых, указаны все реквизиты продавца, и найти его в случае поломки телефона просто. А во-вторых, чек – это доказательство, что вы купили телефон именно в этой торговой точке. Гарантийный талон – это тоже документ, и он тоже подтверждает покупку. Но тут покупатель должен быть внимательным, и проверить, стоит ли на толоне печать, и если стоит, то какая именно.

Документы могут вам очень сильно пригодиться, если устройство выйдет из строя. Конечно, согласно действующему закону «О защите прав потребителей» покупатель

имеет право воспользоваться и показаниями свидетелей, чтобы доказать факт приобретения товара, если необходимые чек и талоны потеряны. Но все гораздо проще и разумнее сохранить товарный чек и гарантийный талон.

Согласно Закона о защите прав потребителей, покупатель имеет право потребовать заменить неисправный телефон на аналогичный работающий экземпляр. Также потребитель может потребовать оплату ремонта телефона, которую будет проводить иная организация. Если потребитель захочет, то может потребовать вернуть ему стоимость неисправного телефона. Но выбрать надо что-то одно. Кстати, неисправность телефона еще надо доказать. Как и то, что вы его сами не утратили и не уронили. Проводят экспертизы сервис центры и специальные аккредитованные организации. Если выясняется, что вины покупателя в неисправности телефона нет, то продавец выполняет требования покупателя по замене телефона и возврату денежных средств. Если результаты экспертизы вызывают сомнения, то можно получить независимую оценку технического состояния телефона за свой счет, обратившись в другой сервисный центр. А имея на руках результаты экспертизы и все прочие документы, шансы потребителя выиграть дело в суде существенно увеличиваются.

Отстаивайте свои права и будьте грамотным потребителем!

● Хабарландыру

● Хабарландыру

2023 жылдың 22 тамыз күні сағат 16:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезекті 5 сессиясы шақырылады. Сессиясының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Қазалы ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындауы жөніндегі есебі;
2. Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №326 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
3. Ағымдағы мәселелер.

Сонымен қатар, сол күні сағат 15:00-де Қазалы аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

«ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН» БАЙҚАУЫ

2022 жылдан бастап «Сарыарқа» заңгерлік кеңесшілердің құқықтық орталығы» қоғамдық бірлестігі «Халық тану» республикалық қоғамдық байқауын өткізуге бастамашы болды. Конкурс қоғамдық дауыс беру нәтижелері бойынша кәсіби және қоғамдық қызметтің барлық салаларындағы Қазақстан Республикасының үздік мемлекеттік органдары мен азаматтарын анықтауы тиіс.

Осыған орай Қазалы ауданындағы мемлекеттік органдарды тегін ұйымдастырылатын «Үздік мемлекеттік орган» байқауына белсенді қатысуға шақырамыз. Байқауға қатысуға өтінімдер 2023 жылғы 11 шілдесінен бастап 26 қарашаға дейін қабылданады. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 15 желтоқсан күні Алматы қаласында өтеді.

Өтініш парағын алу үшін ұйымдастырушылардың @romog_vsem_kz инстаграм парақшасына жазылып, сол жерде өтініш парағына сұрау қалдыру керек. Өзге ақпараттарды ұйымдастырушылардың romogvsem.kz сайтынан білуге болады.

Аудандық қоғамдық даму бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.